



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасының
Парламент Мәжілісінің депутаты,
«АМАНАТ» партиясының
фракция мүшесі
Д.Н. Тұрғановқа

2023 жылғы «14» маусымдағы № ДС-229 сауалға

Құрметті Дүйсенбай Нұрбайұлы!

Жолдарды жөндеуге қатысты Сіздің сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

«Атырау – РФ шекарасы (Астраханьға)» автомобиль жолын реконструкциялау жобасына инертті материалдарды жеткізу үшін ашық вагондармен қамтамасыз ету.

«Атырау – РФ шекарасы (Астраханьға)» (бұдан әрі – Жоба) автомобиль жолын реконструкциялау жобасын іске асыру шеңберінде құрылыс-монтаждау жұмыстары ұзындығы 257 км 5 учаскеде жүргізілуде.

Жобаны іске асыруға Атырау және Маңғыстау облыстарынан инертті материалдарды тасымалдау үшін «Қазтеміртранс» АҚ-ның 625 бірлік ашық вагоны және 45 бірлік жеке парктің ашық вагондары тартылды.

2024 жылы учаскелерді пайдалануға бере отырып, жұмыс жүргізу кестесіне сәйкес ағымдағы жылы асфальтбетон жабынының төменгі қабаты бойынша жол қозғалысын қамтамасыз ету жоспарлануда (362 бірлік техника мен 621 персонал жұмылдырылды).

Қазіргі уақытта жобаның жалпы ұзындығы 277 км-ден 165 км-ге асфальтбетон жабынының төменгі қабатымен жол қозғалысы қамтамасыз етілді.

«Атырау-Астрахань» автожолын реконструкциялау жобасын қаржыландыру мәселесін шешу.

Жобаны іске асыру кезінде мердігерлер жол-құрылыс материалдарына (битум, цемент, металл, жанармай және т.б.), сондай-ақ жүктерді тасымалдауға, машиналар мен механизмдерді пайдалануға бағалардың айтарлықтай өсу проблемасына тап болды, бұл құрылыстағы баға белгілеудің нормативтік базасымен расталады.

Бұл жағдай жобаны әзірлеу мен оны іске асыру арасындағы үлкен уақытша айырмашылықпен байланысты, себебі жобалық-сметалық құжаттама (бұдан әрі – ЖСҚ) 2017-2019 жж. бағаларында есептелген, бұл ретте объектілерді нақты іске

асыру қарыздарды тарту жөніндегі рәсімдерді жүргізуді ескере отырып 2020-2024 жж. аралығында жүзеге асырылады.

ЖСҚ түзету мәселесін республикалық бюджет комиссиясында қарау жоспарлануда.

«Атырау-Доссор» және «Атырау-Астрахань» автомобиль жолдарын бірінші техникалық санатқа ауыстыруға қатысты.

«Атырау-Доссор» автомобиль жолын бірінші техникалық санатқа ауыстыру мақсатында оны реконструкциялау бойынша инвестициялық ұсыныс дайындалды, оның шеңберінде 6 көлік айрығын, 3 көпірді, 1 жол өтпесін, 23 су өткізу құбырын салу жоспарлануда.

Бұл ретте, бүгінгі таңда Республикалық маңызы бар 3,6 мың шақырым автожолдарды (*Қарағанды-Алматы, Ақтөбе-Атырау-Астрахань, Талдықорған-Өскемен, Қалбатау-Майқапшағай және т. б.*) реконструкциялау және салу бойынша капиталды қажет ететін жобалар іске асырылуда, сондай-ақ келесі жылы іске асырылатын 1,5 мың шақырымға (*Жезқазған-Қарағанды, Ақтөбе-Ұлғайсын, Атырау-Орал және Семей-Өскемен*) жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде.

Осыған байланысты аталған автомобиль жолдарын бірінші техникалық санатқа ауыстыруды басталған жобалар аяқталғаннан кейін қарау жоспарлануда.

Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерінде (МТНБ) RFID-белгілерді пайдалану жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға қатысты.

Бүгінгі таңда Қазақстанда RFID-белгілер «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Ұлттық операторының автожол пайдаланушыларынан ақы алу мақсатында пайдаланылады.

Бұл белгілер ақы алу пункттерінде тегін беріледі, МТНБ байланған пайдаланушының автокөлік құралының алдыңғы әйнегіне бекітіледі және ақы алудың бағдарламалық-аппараттық кешенінде тіркеледі.

RFID-белгіні толыққанды пайдалану және оны Ішкі істер министрлігінің дерекқорымен интеграциялау үшін мемлекеттік органдар халықаралық тәжірибеге, сондай-ақ кіріктірілген RFID-белгілерімен МТНБ дайындау мүмкіндігіне талдау жүргізеді.

Жалпы, бұл мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Ә. Смайылов



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутату Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
члену фракции партии «АМАНАТ»
Д. Турганову

На № ДС-229 от 14 июня 2023 года

Уважаемый Дуйсенбай Нурбаевич!

Рассмотрев Ваш запрос касательно реконструкции дорог, сообщаю следующее.

Касательно обеспечения полувагонами для доставки инертных материалов для реализации проекта реконструкции автомобильной дороги «Атырау – гр. РФ (на Астрахань)»

В рамках реализации проекта реконструкции автомобильной дороги «Атырау – гр. РФ (на Астрахань)» (далее – Проект) строительско-монтажные работы ведутся на 5 участках протяженностью 257 км.

Для перевозки инертных материалов из Атырауской и Мангистауской областей для реализации проекта задействовано 625 ед. полувагонов АО «Казтеміртранс» и 45 ед. полувагонов частного парка.

В соответствии с графиком производства работ, в текущем году планируется полностью обеспечить проезд по нижнему слою асфальтобетонного покрытия со сдачей участков в эксплуатацию в 2024 году (задействовано 362 ед. техники и 621 персонала).

В настоящее время обеспечен проезд по нижнему слою асфальтобетонного покрытия на 165 км из общей протяженности проекта 277 км.

Касательно финансирования проекта реконструкции автодороги «Атырау-Астрахань».

При реализации проекта Подрядчики столкнулись с проблемой значительного роста цен на дорожно-строительные материалы (битум, цемент, металл, топливо и т.д.), а также на перевозку грузов, эксплуатацию машин и механизмов, что подтверждается нормативной базой ценообразования в строительстве.

Данная ситуация связана с большой временной разницей между разработкой проекта и его реализацией, так как проектно-сметная документация (далее – ПСД) рассчитана в ценах 2017 – 2019 гг., при этом фактическая реализация объектов осуществляется в период с 2020 по 2024 гг., с учетом проведения процедур по привлечению займов.

Вопрос корректировки ПСД планируется рассмотреть на Республиканской бюджетной комиссии.

Касательно перевода автомобильных дорог «Атырау-Доссор» и «Атырау-Астрахань» в первую техническую категорию.

В целях перевода автомобильной дороги «Атырау-Доссор» в первую техническую категорию, подготовлено инвестиционное предложение по ее реконструкции, в рамках которой планируется устройство 6-ти транспортных развязок, 3-х мостов, 1-го путепровода, 23-х водопропускных труб.

При этом, отмечаем, на сегодняшний день реализуются капиталоемкие проекты по реконструкции и строительству 3,6 тыс. км автодорог республиканского значения (*Караганды-Алматы, Актобе-Атырау-Астрахань, Талдыкорган-Усть-Каменогорск, Калбатау-Майкапишагай и т.д.*), а также разрабатывается проектно-сметная документация на 1,5 тыс. км (*Жезказган-Караганды, Актобе-Улгайсын, Атырау-Уральск и Семей-Усть-Каменогорск*) с началом реализации в следующем году.

В этой связи, перевод указанных автомобильных дорог в первую техническую категорию планируется рассмотреть после завершения начатых проектов.

Касательно организации работ по использованию RFID-меток в государственных регистрационных номерных знаков (ГРНЗ).

На сегодняшний день в Казахстане RFID-метки используются в целях взимания платы с пользователей автодорог Национальным оператором АО «НК «КазАвтоЖол».

Данные метки выдаются на пунктах взимания платы бесплатно, прикрепляются на лобовое стекло автотранспортного средства пользователя с привязкой к ГРНЗ и регистрируются в программно-аппаратном комплексе взимания платы.

Для полноценного использования RFID-метки и интеграции ее с базой данных Министерства внутренних дел, государственными органами проводится анализ международного опыта, а также возможности изготовления ГРНЗ со встроенными RFID-метками.

В целом, данные вопросы находятся на постоянном контроле Правительства.

А. Смаилов